

"Қайрат-Олимпиакос матчына Mastercard-пен бірге барамыз"
науқанын өткізу ережелері мен қатысу талаптары
(бұдан әрі – Науқан ережелері)

1. Науқанды ұйымдастырушы - "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі – Банк).

2. Науқанның қатысушылары:

Банк шығарған Mastercard төлем карточкаларын ұстаушылар болып табылатын Банк клиенттері - жеке тұлғалар.

3. Науқанға келесілер қатыспайды:

Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың, Науқан басталған кезде 18 жасқа толмаған тұлғалардың, Банк қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінің, оның ішінде тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың корпоративтік төлем карточкалары;

4. Жүлде қоры: 2025 жылғы "9" желтоқсанда Астана қаласында өтетін Қайрат – Олимпиакос матчына билеттер:

- саны 8 дана,

Банк билеттер санатын тапсыру кезінде дербес айқындайды.

Ойнатылатын билет санын Банк өзгерте алады.

5. Науқанды өткізу кезеңі: 2025 жылғы "17" қараша Астана қ. уақытымен 00 сағаттан 00 м.-тан 2025 жылғы "01" желтоқсан 23 сағат 59 минутке дейін (бұдан әрі – Науқан кезеңі).

6. Науқан Қайрат – Олимпиакос матчы өтетін Қазақстан Республикасының Астана қ. әрекет етеді.

7. Науқан механизмі:

- Науқанға қатысу үшін Науқан кезеңі бойы Банк шығарған Mastercard төлем карточкасын пайдалана отырып, бүкіл әлем бойынша кез келген сауда-сервис кәсіпорын тауарлары мен/немесе қызмет ақысын қолма-қол ақшасыз кемінде жиыны 20 000 (жиырма мың) теңгеден кем болмайтын сомаға төлеу қажет. Әр 20 000 теңге = ұтыс ойынға қатыстыратын 1 мүмкіндік;

- жүлдені жеңіп алған жеңімпаздарды Банк Ереже шарттарын толық орындаған Науқанға қатысушы санынан анықтайды (негізгі және резервтік). Ұтыс ойын трансляциясы Банктің Instagram әлеуметтік желісіндегі @eurasianbank ресми аккаунтында 2025 жылғы "02" желтоқсан күні Астана уақыты бойынша сағат 16.00-де тікелей эфирде өтетін болады;

- ұтыс жеңімпаздары Банктің Instagram әлеуметтік желісіндегі @eurasianbank ресми аккаунтында тікелей эфирде сайт арқылы реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы анықталады <https://www.random.org/>;

-жеңімпаздарға ұтыстары туралы телефон арқылы хабарланады;

- Науқан жеңімпаздарының билеттері қабылдау-тапсыру актілері бойынша табыс етіледі.

- әрбір негізгі жеңімпазға екі резервтік жеңімпаз анықталады;

- егер жеңімпаздар Банк хабарламасына 1 жұмыс күні ішінде (3 телефон қоңырауы) жауап бермеген жағдайда немесе жүлдеден бас тартқан жағдайда, Банк бірінші резервте тұрған жеңімпазға хабарласады, бірінші резервтік жеңімпазбен байланысу мүмкін болмаған

жағдайда немесе ол жүлдеден бас тартқан жағдайда, екінші резервтік жеңімпазбен байланысқа шығады.

- негізгі және резервтік жеңімпаздар жүлдеден бас тартқан немесе жеңімпаздармен байланыса алмаған жағдайда, Банк ұтыстың күшін жою және тізімге сәйкес адамдарға билеттерді өз қалауы бойынша беру құқығын өзіне қалдырады.

- **жеңімпаздар саны:**

- Банктің 8 клиенті (8 негізгі және 16 резерв);

- сатып алу саны мен сомасы шектелмейді;

- **Науқанды өткізу кезеңі:** 2025 жылғы "17" қарашадан 2025 жылғы "01" желтоқсанға дейін (қоса алғанда).

8. Науқанға қатысу ерікті (келісіммен) түрде жүзеге асырылады және Банк қатысушының дербес деректерін Науқан ережелерінде көзделген тәртіпте кез келген тәсілмен өңдеуімен келіскен қатысушының саналы түрде берген келісімі болып табылады.

9. Науқан ережелерінің мақсатындағы дербес деректер деп белгілі бір немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама қатысты кез келген ақпарат түсініледі.

10. Банк кез келген сәтте Науқанның қолданысын тоқтатуға, қатысушыларды Науқанға қатыстырмауға немесе Науқанға қатысушыларды алдын ала хабардар етпестен, оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

11. Банкке қатысы жоқ кез келген себептер бойынша жеңімпаз жүлдені ала алмағаны үшін Банк жауапты болмайды.

12. Банк жеңімпаздардың алған жүлделерін одан әрі пайдаланғаны үшін жауапты болмайды.

13. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Банктің Науқан жөніндегі шешімдері нақты болып табылады да, оған шағымдануға рұқсат жоқ.